

## САЛЫМ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖАСАУ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Салым операцияларын жасау талаптары (бұдан әрі – Талаптар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.2. Талаптар «Альфа-овернайт» Салымдарын орналастыру бойынша салым операцияларын жалпы жүзеге асыру тәртібін анықтайды (бұдан әрі осы Талаптардың мәтіні бойынша – Салымдар/Салым). Салымдар Клиентпен Салым операцияларын жасау өтінішінде көрсетілген мерзімі ішінде орналастырылу мүмкін. Әрбір/бөлек Салымның нақты талаптары «Альфа-овернайт» салымын орналастыруға өтінішінде және растамасында көрсетіледі (бұдан әрі осы Талаптардың мәтіні бойынша – Өтініш).
- 1.3. Егер Шартпен және оның Қосымшаларымен Салымдарды орналастыру бойынша басқа талаптар қарастырылатын болса, «Альфа-овернайт» Салымдарын орналастыру кезінде Тараптар осы Талаптарды басшылыққа алады.

### 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Салымдарды орналастыруға арналған Жинақ шоты Салым операцияларын жасауға өтініші негізінде ашылады. Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі Банкпен анықталады және Клиенттің назарына жеткізіледі.
- 2.2. Клиент Салым операцияларын жасауға өтінішінде көрсетілген мерзімінде және мөлшерлемесінде Жинақ шотында төмендетілмейтін қалдық сомасының болуды қамтамасыз етуге міндетті. Төмендетілмейтін қалдық сомасына сыйақы есептелмейді. Төмендетілмейтін қалдық сомасы Салымды орналастыру кезінде есептелмейді.
- 2.3. Сыйақы мөлшерлемелері Банкпен анықталады және Астана қ. уақыты бойынша сағат 09.00 бастап 16.00 дейін Интернет-Банк жүйесі (бұдан әрі Талаптардың мәтіні бойынша – Жүйе) арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі. Салымды ұзақ мерзімге орналастыру жағдайда, сыйақы мөлшерлемесі Банкпен Салымды орналастырудың бүкіл мерзіміне анықталады және Банкпен бекітілген тәртібінде Клиенттің назарына дейін жеткізіледі.
- 2.4. Салым жұмыс емес күні алдындағы күнінде орналастыратын жағдайды алып тастағанда, Салымды орналастыру мерзімі 1 күнді құрайды.
- 2.5. Өтініш Клиентпен Шарттың № 4-2 Қосымшасының нысаны бойынша Жүйе арқылы жолданады.
- 2.6. Банкпен Өтініштер қабылдауы Салым операцияларын жасауға өтінішінде көрсетілген Клиенттің Ағымды шотында Өтініште көрсетілген Салым сомасы бар болу жағдайда астана қ. уақытымен сағат 16.00 дейін жүзеге асырылады.
- 2.7. Банк Өтініш негізінде Ағымды шотынан осыған Клиенттің қосымша келісімін алусыз оны тікелей дебиттеу жолымен Салым сомасын шығарып тастайды және Астана қ. сағат 17.00 кешіктірмей шығарып тасталған сомасын Жинақы шотына есептейді.
- 2.8. Салымды орналастыру туралы растамасы Жүйе арқылы Астана қ. сағат 18.00 дейін Банкпен Клиентке жолданады және Салым орналастыруды растайтын құжаты, сонымен қатар Өтініштің ажырамас бөлігі болып табылады. Осыны растау мақсатында салым валютасы, сомасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, сондай-ақ тиімді жылдық мөлшерлемесі және Салымның басқа талаптары көрсетіледі. Клиент Салым растамада көрсетілген және Банкпен Жүйе Өтінішті қабылдау сәтінде әрекет ететін сыйақы мөлшерлемесі, сондай-ақ тиімді жылдық мөлшерлемесі бойынша орналастырылады екендігімен келіседі.
- 2.9. Дұрыс емес деректерді көрсету немесе Салымды орналастыру үшін Ағымды шотта ақша жоқтығы/жетіспеушілігі жағдайда, Өтініш Банкпен қабылданбайды. Өтінішті қабылдаудан Банктің бас тартуы Салымды орналастыру туралы Банк растамасының жоқтығы болып табылады.
- 2.10. Салым сомасын қайтаруы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар және басқа міндетті төлемдер сомаларын шегерумен Салым бойынша есептелген сыйақы төленуі Өтініште көрсетілген Салым орналастыру күнінен кейінгі күнінде Астана қ. сағат 12.00 кешіктірілмей Салым операцияларын жасауға өтінішінде көрсетілген Ағымды шотына жүзеге асырылады.
- 2.11. Салымды жұмыс емес күні алдындағы күнінде орналастыру жағдайда, Салым қайтарылуы және Салым бойынша есептелген сыйақы төленуі соңғы жұмыс емес күнінен кейін бірінші жұмыс күнінде Астана қ. сағат 12.00 кешіктірілмей жүзеге асырылады. Осы жағдайда Салым бойынша сыйақы Жинақы шотына ақша түсетін күнінен кейінгі күнінен бастап есептеледі және келесі жұмыс емес күнімен анықталады.
- 2.12. Егер Салым салу мерзімінің аяқталу күні жұмыс емес күні болса, Салым қайтарылуы және Салым бойынша есептелген сыйақы төленуі соңғы жұмыс емес күнінен кейін бірінші жұмыс күнінде Астана қ. сағат 12.00 кешіктірілмей жүзеге асырылады. Осымен бірге, Салым орналастыру мерзімінің аяқталу сәтіннен бастап Салым бойынша сыйақы есептелмейді.

- 2.13. Салымдар бойынша қосымша жарналар және алымдар қарастырылмаған.
- 2.14. Табыс салығын есепке алумен Салым бойынша төленген сыйақының мөлшерлемесі туралы ақпарат Банкпен Клиенттің сауалы бойынша сауал жолданған күнінен 3 банктік күнінен кеш емес мерзімінде ұсынылады.
- 2.15. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салым операцияларын жасауға өтінішінде көрсетілген Ағымды шотты қатысты Ағымды шотты тоқтату, ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті органдарының/тұлғаларының шешімдері/қаулылары, сонымен қатар Клиенттің рұқсатысыз ақшаны есептен шығарып тастауға құқығы бар үшінші тұлғаларының нұсқаулары болған жағдайда, Өтініштер Банкпен қабылданбайды.
- 2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жинақы шот бойынша шығын операцияларды тоқтату, ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті органдарының/тұлғаларының Жинақы шотты қатысты шешімдері/қаулылары, сонымен қатар Клиенттің рұқсатысыз ақшаны есептен шығарып тастауға құқығы бар үшінші тұлғаларының нұсқаулары болған жағдайда, Салымдар бойынша сыйақы Өтінішке сәйкес есептеледі және Банкпен төленеді.

### **3. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Клиент міндеттенеді:**

- 3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Жинақы шотты ашу және жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 3.1.2. Астана қ. уақытымен сағат 16.00 кешіктірілмей Салымды орналастыру үшін жеткілікті ақшалай сомасын Ағымды шотта болуды қамтамасыз етуге;
- 3.1.3. Жинақы шотында Салым операцияларын жасауға өтінішінде көрсетілген мөлшерлемесіндегі төмендетілмейтін қалдық сомасын болуды қамтамасыз етуге.

#### **3.2. Клиент құқылы:**

- 3.2.1. Салым мерзімі аяқталуы бойыншы Салым сомасын және Салым бойынша есептелген сыйақыны Өтінішке сәйкес қабылдауға;
- 3.2.2. Жинақы шотының күйі туралы үзінді көшірмелерді (анықтамалықтарды) қабылдауға.

### **4. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **4.1. Банк міндеттенеді:**

- 4.1.1. осы Талаптарға сәйкес Жинақы шотында орналастырылатын Салымдарды есептеуге;
- 4.1.2. Өтінішке сәйкес Салым сомасына сыйақыны есептеуге;
- 4.1.3. Салымды орналастыру мерзімінің аяқталуы бойынша Өтінішке сәйкес Салым сомасын және Салым бойынша есептелген сыйақыны Өтініште көрсетілген Ағымды шотының реквизиттеріне қайтаруға.

#### **4.2. Банк құқылы:**

- 4.2.1. Жинақы шотты ашу немесе ашудан бас тару туралы шешімдерді дербес қабылдауға;
- 4.2.2. Банкке тиесілі комиссиялар сомаларын және Шарттар/Банк алдында Клиенттің кез келген басқа міндеттемелері бойынша басқа төлемдерді (кез келген берешекті), Жинақы шотына қате/дұрыс емес есептелген сомаларды (осындай қате/дұрыс емес есептеудің себебіне қарамастан) Шарттың 5-бабымен анықталған тәртібінде шығарып тастауға.

### **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ**

5.1. Әрбір Тарап Салымды орналастыруға өтінішіне және Талаптарға сәйкес өзіне қабылданған міндеттемелері үшін Талаптарға, Шартқа сәйкес басқа Тарап алдында жауап берелі, ал жауапкершілік Шартпен қарастырылмаған жағдайда – ҚР заңнамасына сәйкес.

5.2. Банк келесі жағдайларда Талаптары бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны/тиісті емес түрде орындағаны үшін жауап бермейді және Клиентке келтірілген залалдарын өтемейді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ағымды шот бойынша шығын операцияларды тоқтату, ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті органдарының/тұлғаларының шешімдері/қаулылары, сонымен қатар Клиенттің рұқсатысыз ақшаны есептен шығарып тастауға құқығы бар үшінші тұлғаларының нұсқаулары болған жағдайда, ақшаны Жинақы шотына есептеу мүмкінсіздігі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жинақы шот бойынша шығын операцияларды тоқтату, ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті органдарының/тұлғаларының шешімдері/қаулылары, сонымен қатар Клиенттің рұқсатысыз ақшаны есептен шығарып тастауға құқығы бар үшінші тұлғаларының нұсқаулары болған жағдайда, Салым сомасын қайтаруға мүмкінсіздігі;
- Клиентпен дұрыс емес деректерді көрсету/Салымды орналастыру үшін Ағымды шотта ақша жетіспеушілігі.

### **6. БАСҚА ТАЛАПТАР**

- 6.1. Талаптарға өзгерістер Банкпен Шартпен бекітілген тәртібінде енгізіледі.

6.2. Клиент Талаптардың әрекетін болжамды тоқтату күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кеш емес мерзімінде Банкке алдын ала хабарлап, осы Талаптар бөлігінде Шарт орындаудан бір тараптық тәртібінде бас тартуға құқылы.

6.3. Банктің бастамасы бойынша осы Талаптардың әрекеті Шартпен қарастырылған тәртібінде Шартпен және ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларында тоқтатылу мүмкін.